



АЙБЕК
ОРАЛХАН

СЕЙДІЛДӘ ҚАЖЫ ТҮЙТЕБЕКҰЛЫНЫҢ ЗИРАТЫНА ЗИЯРАТ

ЖОЛЖАЗБА

ЖОЛ ҚЫСҚАРТУ


Жақында Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейінің бөлім меңгерушісі, өлкетанушы Ербол Қайыровтың бастамасымен бір топ ақын-жазушы мен журналист Тереңкөл ауданына арнайы сапарға шықтық. Біздің бет түзеген нысанамыз - Сейділдә қажы Түйтебекұлы жерленген бейіт болатын. Қажының зираты қазіргі Жаңа-Құрылыс ауылдық аймағының аумағында жатыр. Трофимовка ауылына баратын жолдың бойынан Қоржынкөлге қарай бұрылған бағыттан үш шақырымдай қашықтықта екен. Сол маңнан қол созым жерде молданың мешіті мен медресесінің де орыны белгі береді.

Сапарласымыз Тереңкөл ауданының «Құрметті азаматы», ақын Шолпан Байғалы жол қысқартатын жүйелі әңгіме үстінде еді: «Тереңкөл ауданы – талай тарихи тұлғалар шыққан мекен. Біз бұл өлкені әлі терең зерттеп, тарихи құпиясын толық аша алмай келеміз. Біз басына бара жатқан Сейділдә қажының зираты үлкен жұмыстарды күтіп тұрғандай сезіледі. Әсіресе, басына кесене орнатып, зиярат етіп келушілерге жағдай жасау керек. Егер осы бастама жүзеге асар болса, бұл жер бірден-бір тарихи-мәдени орынға айналары анық,» - деп білгенімен бөлісіп, ұсыныс-тілектерін де жеткізіп отырды. Бұл жалпымызға айтылған сөз болғанымен, аудандағы руханият, мәдениет саласының ресми тетіктері қолында тұрған Тереңкөл ауданы ішкі саясат бөлімінің басшысы Қайрат Алтайдың ауласына тасталған тас болатын. Өңір тарихын жетік білетін білікті басшының үлкендер тарапынан айтылған уәлі сөзге уәжді жауабы дайын екен.

«Аудан көлемінде «Рухани Жаңғыру» бағдарламасы аясында әртүрлі бағыттар бойынша жеке жобалар жүзеге асып жатыр. Соның ішінде «Киелі орындар» бағытында біз Сейділдә қажы мен Қошман батыр туралы мәселе көтеріп жүрміз,» - деп бір тоқтады. Содан кейін істің барысына көшті: «Сейділдә Түйтебекұлы дін насихатшысы, әулие атамыз болса, Қошман Темірұлы қараша халықтың қамын жеген дала батыры. Жуырда облыстық Эксперттік Кеңестің отырысы өтіп, сол Кеңесте біз Сейділдә қажы мен Қошман батырдың жатқан жері мен жайлаған қонысына қатысты жобамызды қорғадық. Облыстық Эксперттік Кеңестің оң шешімін күтіп отырмыз. Одан кейін халықтың күшімен Сейділдә бейітінің басына ескерткіш кешен немесе кесене тұрғызу ойымызда бар».

Ауданның зиялы қауымы осы мақсатта арнайы қор құрғанынан хабардар едік. «Бәрекеді!» дестік бәріміз. Ізгі ой игілікті іске ұласып, жұмыстың нәтижесін көруге жазсын.

Жолбасшыларымыз: «Сейділдә қажы Түйтебекұлының басына кесене тұрғызу мәселесін алғашқылардың бірі болып көтерген – Тереңкөл ауданының тумасы, зейнеткер Қонысбай Жүнісов болатын», - деп еске алуды ұмытпады. Ол Сейділдә қажының өмір жолын, діни қайраткерлігін кейінгі буынға жеткізуді мақсат еткен мақтаулы азаматтың бірі. Қонысбай ақсақалдың өкесі Зияда қажыдан арабша хат танып, алдынан тағылымды дәріс тыңдаған екен. Бұл кісіден бөлек, Павлодар халқына есімдері танымал болған Қанапия, Шақаман, Түсіп және Шаймардан сынды үлкен молдалар да қажының қолынан Құран, алдынан білім алған адамдар.



КӨНЕ ҚОРЫМ, КӨРІКТІ МЕКЕН

Бір кездері С.Түйтебекұлының сарыжұрты болған көк майсалы көрікті қоныс Кеңес үкіметі тұсында жесірдің бетіндей тілініп, телім-телім егістікке айналдырылды. Әсіресе, тың игеру жылдары түрән түспеген жер қалмаған. Қазір де жергілікті шаруалар мұнда жер айдап, егін егіп, шабындық ұстап, шаруаларын шалқытып отыр. Зираттың айналасына алқап болғандықтан алыстан қараған адамға аумағы жап-жасыл аралшық іспетті көрінеді екен. Көлігіміз төмпешіктің тұсына тоқтай бергенде, ескі бейіттің қабырғасына қонып отырған түз бүркіті тудай көтеріліп, қорымның үстінен шеңберлене айналды да көкке қалықтай жөнелді. Осы сәтте облыстық «Ertis» телеарнасының тілшісі Гүлсара Мәлікова: «Қап, қандай әдемі кадр еді, ұшып кеткенін қарашы» деп оператор жігітке қарады. «Бұл кадр ғана емес, қажы атамыздың аспанда қалықтап жүрген қадірі,» - деп сөзге араласқан Ербол Қайыров Сейділдә молданың ерекше қасиетінің біріне тоқталды: «Сейділдә қажының Құран сүрелеріне сүйене отырып, бойына жын кірген адамдардың ішінен жын шығаратын үлкен әулиелігі, керемет қасиеті де болған. Оның қасиетіне сенген адамдар, қажы атамыз бақилық болған соң бейітінің басына арнайы барып, марқұмның аруағына Құран бағыштайды; өртүрлі науқастар әулие аруағының құрметіне Алла Тағаладан шипа сұрайды; баласы болмаған ерлі-зайыпты адамдар осы жерге қонып, құдайдан перзент тілейтін көрінеді. Қажының шарапаты дарығаны шығар, көбінің дұғасы қабыл болып, кейін ұрпақ сүйіп те жатады. Кейбір дертіне дауа таппай жүрген адамдардың осы зираттың басына келіп, бір қонғаннан кейін бірден сырқатынан құлан таза арылып кеткенін көрдік

дейді ұрпақтары. Егер дауа тілеп келген адамға ем қонатын болса, бозала таңда оның көзіне ақ таяқты ақсақал адам немесе түз бүркіті көрінеді екен. Содан бері ел арасында қажының қасиеті түз бүркітінде деген аңыз әңгіме бар».

Ербол Мәтіұлының әңгімесі әсерлі шыққан сондай, көпшілігіміз зау көкке көз тігіп қалыппыз. Қыран құс баяғыда-ақ көрінер-көрінбес нүктеге айналып, биіктеп кетіпті. Бұл пендәуи дүниеден парасат-парқы биіктеп кеткен Сейділдә қажының рухы болар.

Адам ұрпағымен мың жасайды дейді. Бірақ, ізгі кісінің есімі соңындағы ұрпақтарымен ғана емес, ұлтымен ортақ өмір сүреді. Сейділдә қажының кіндігінен тарайтын жалғыз ұлы Мешітбай кішірек кезінде өмірден қайтыпты. Ал қыздарының арасынан тірі қалғаны – Құратылғайын ғана. Қазір сол қыздан тараған жиендері мен жиеншарлары әулие атаның атын шығарып, өнегелі ісін насихаттап жүр. Солардың бірі – қажының жиеншары, ауыл имамы Арман Төлегенов. Керекуден келген меймандарды қарсы алып, әуелі зиратқа зиярат жасауға шақырған Арман имам аруаққа құран бағыштады. Содан соң түп нағашысы туралы әжесінен естіп, санасына сіңген, діліне енген сөздерді тілінен төгілті.

- Нағашы атамыздың үш әйелі болыпты. Оның бірі татардың қызы. Менің әжемді көбінесе сол татар әйеліне қаратып, соның тізесіне көп отырғызған деседі. Себебі, татар халқы діндар, тақуа келеді ғой. Ондағы мақсаты – сол кісі секілді діндар болып өссін дегені болса керек. Оны бізге әжеміз айтып отыратын. Нағашы атамыз көзі тірісінде халыққа зор қызмет қылды, исламды уағыздап, тура жолға шақырды. Кеңес үкіметі тұсында мұнда үлкен-үлкен егін шаруашылықтары болды ғой. Көктемде жер жыртып, тұқым салу жұмысына кіріседі емес пе? Сол кезде тракторлар осы зиратқа жақындаған кезде жүрмей қалады екен. Содан кейін совхоз басшылары жүргізуші ретінде қазақтарды алған. Ал олар осы маңайға келген кезде марқұмның аруағына бағыштап Құран оқиды екен де, жұмыстарын жалғастырып істей береді екен. Қазіргі күннің өзінде осы аумақтан өткен жолаушылар ата басына тоқтап, қол жаймаса, сәтсіздіктер болады дейді. Кеңес үкіметі кезінде жер барлау жұмыстарын жүргізетін ұшақтар Павлодар облысы аумағындағы екі нүктенің үстіне келген кезде радарлары өшіп қалып отырған. Міне, сондай қасиетті жерлердің бірі – Мәшһүр Жүсіп кесенесі болса, екіншісі – осы Сейділдә қажының жатқан жері. Міне, атамыздың ерекше қасиетті адам екенінің бір дәлелі – осы,» - деді Арман Сейтқалиұлы.

Бұл жердің ауаны айрықша екені алғаш келгенімізде-ақ сезілген. Топ кісіден аулағырақ барып, мен де марқұмның рухына дұға бағыштап, аят оқыдым. Алладан шарапат тіледім. Зираттың темір шарбағын айнала берген оңаша тұста, бағана ғана түз бүркіті ұшып шыққан жерден қыранның бір тал қауырсынын тауып алдым. Мұны сапарластарым жақсы ырымға балады. Ал менің санамда «қажының қасиеті түз бүркітінде» деген сөз жаңғырып тұрды.

ТЕРЕҢКӨЛДЕ ТУҒАН ТЕРЕҢ БІЛІМ ИЕСІ

Өз заманындағы озық білім иесі, көрнекті діни қайраткер - Сейділдә (шын есімі – Шайдолла) Түйтебекұлы бұрынғы Павлодар уезі, Тереңкөл болысы, Бекбау ауылында 1874 жылы дүниеге келген. Руы – Уақ, оның ішінде Момын атасынан тарайды. Әкесі Түйтебектің төрт ұлы болған: Убайдолда, Шайдолла, Абайділдә және Бәйділдә. Солардың ішінде Сейділдә жастайынан дінге жақын, білімге құштар болады. Құйма құлақ бала ауыл қарияларының өнегелі сөздеріне қанып, ауыз әдебиетіндегі аңыз-әңгімелер мен қисса-дастандарды жаттап өседі. Көзін көрген қариялардың айтуы бойынша ол Уфа қаласында медресе бітірген. Ал Уфада «Ғалия» медресесі жұмыс істегені көпшілікке мәлім. Демек, Сейділдә Түйтебекұлы аталған оқу орнына түсуге мүмкіндік алған. Соңғы бірнеше жылдың дересінде Бұқар жырау атындағы өнер және әдебиет музейінің бөлім меңгерушісі, Тегістік ауылының тумасы Ербол Мәтіұлы Қайыров Сейділдә қажы Түйтебекұлы туралы материалдарды жинаумен айналысып, қажының өмірдері жүйелі зерттеп жүр. Ол осы бағытта біраз ізденіс жасағанын, алайда дәйек қылар анықтама әзірше табылмағанын тілге тиек етеді: «Жастайынан білімге құштар, зерек бала есейе келе Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесінде білім алған, шығыс тілдерін жетік меңгерген. Білім алғаны турасында тарқатып өтсек, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясынан да, Уфа қаласы архивінен де сол жақта білім алды деген дерек таппай отырмыз» - дейді. Сейділдә қажының сол жерден сабақ алғаны рас болса керек. Өйткені, көзін көрген кісілердің көбі «Молда қажының» (ел арасында Сейділдәні осылай атап кеткен) мол білім иесі екендігін айтады.

Сөз орайы келгесін айтқан ләзім, «Ғалия» медресесінің қабырғасынан түркітілдес халықтардың бір топ қоғам қайраткері оқып шықты, олардың қатарында ұлт ұстаздары дәрегейіне көтерілген қазақ зиялылары да бар. ««Ғалия» медресесінде 10 жылдың ішінде (1907 жылы құрылған) 240 қазақ білім



алды. «Ғалия» медресесін Жармұхамет Тіленшин, Жусаин Керлеуітов, Қабдыжапар Сағдиев, Абдрахман Сұлтанов, Аймағамбет Әлібаев, Қапай Кенжекеев, Сейтахмет және Мұхаметшайық Жұмабаевтар тәмамдаған». Бұл деректерді Бекболат Хазыров «Жить в согласии» кітабында келтіреді.

Өткен жылы С.Түйтебекұлының Құран кітабы, намазда киген тақиясы және араб, шағатай тілінде жазылған қолжазбалары табылған еді. Бұл жәдігерлердің барлығы Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейіне қойылды. Молданың Құран кітабы мен тақиясын Ербол Қайыровқа Тереңкөл ауданында тұратын Жеңіс Әбілқасанов есімді қария табыстаған. Зерттеушінің айтуынша, қолжазбаларының біріне: «11 айдың 8 күні... ниет еттім мен Шайдолла...» деген сөз жазса, тағы бір қолжазбасының бұрышына «Елім - барым, дінім - Алладан берілген бағым» деп жазған. Оны Жеңіс ағаның әкесіне Сейділдә қажының өзі беріп кетіпті».

Осы 16 беттен тұратын қолжазба түрік тілдес халықтар арасындағы жазу мәдениетінің алды саналған шағатай тілінде, арабша қадим қаріптермен қағазға түсірілгендіктен, Халықаралық Түркі академиясының ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты Ақеділ Тойшанұлы оқып, былай түсінік береді. Жазбаларда араб тіліндегі дұғалар, тіл-көзден, пәле-жаладан сақтану үшін оқылатын аяттарға қатысты түсіндірмелер бар. «Үшбү хабарде әууәлән қаза болған және ораза, намаз тұтқандар үшін үшбү шипаларды Аллаһ қабыл етіп алатыны туралы айтылады. Сонымен қатар, әрбір дұғаның басында ол дұғалардың қандай жер-

лерде, қай уақытта оқылатыны немесе айтылатыны туралы түсініктер берілген» деп келтірілген.

- Бұл жолдарға қарап, - дейді Ербол Мәтіұлы: - Молда қажының дін уағыздаушысы ғана болмағанын, сонымен қатар ем-дом жасаумен айналысқанын байқауымызға болады. Сейділдә молданың: «Елі ішінде аласапыран заман болады, туысқандар бір-біріне жат болады, бір кесек нан тұрмақ, көк шөпке зар болады» деген ұлағатты сөздері сақталған. Атамыздың бойында көріпкелдік, емшілік қасиеттері де болған екен. Ол қандай бір қиындыққа, ауру-сырқауға тап болған адамның жанын асыл дініміздің ерекше құдіретімен емдеп жазған».

Өлкетанушы осылай ой қорытады. Сөзіміздің тап осы тұсында Сейділдә қажының медреседе білім алғанын тағы бір еске салып, сол мұсылмандық оқу орындарындағы білім беру әдістемесіне аз-кем тоқтала кетуді жөн санадым.

Ертеден келе жатқан ел ішіндегі түсінік бойынша асқан білімдар адамды «Ол он екі пәнді түгел тәмәм қылған кісі» делінеді. Мысалы: Сарғалдақ қожа өз заманында он екі пәнді тәмамдаған ғалым-ұстаз болған (Бағдат Оралбайұлы, «Тегімізді білуге талпыныс» Алматы – 2015 жыл). Қашаған ақынның домбыраны шайтанның ермегіне теңеген қожаға қарата айтқан «Пәрнесін күнә десеңіз, есебі ол пәннің он екі» түріндегі ескі өлеңдерде де кездеседі. Сол он екі пән мынадай ұғымды білдіреді:

1. Әліп (оқу мен жазу), 2. Әбжат (есеп-қисап), 3. Әдеп (гуманизм), 4. Әркен (эстетика), 5. Әптиек (Құранды оқып үйрену, араб, парсы, түрік тілдерін меңгеру), 6. Тәфсир (Құранға түсіндірме беру, яғни, ондағы сүре-аяттарды мәні мен мағынасын ашықтау), 7. Тәржіма (аударма ісін меңгеру), 8. Мүсәннафтар (көркем әдебиет), 9. Мүннәжім (астрономия), 10. Мұхтасар (шариғат), 11. Әділет (заң ілімі, шешендік өнер, адамтану мәселелері), 12. Әлеумет (ел басқару, жертану, өсімдіктану, дәрі жасау, дем салу, сынықшы, оташы, т.б.).

Сейділдә қажы жастайынан аса алғыр, зейінді болғандықтан, жоғарыда аталған пәндерді жетік меңгергеніне күмән келтірмейміз. Сондықтан оның бір басынан бірнеше білім саласын игерген игі қабілет табылғаны анық. Тек діни рәсімдерді орындап, ағартушылық қызметпен ғана айналыспағанын, астрономиядан, шет тілдерінен, эстетикадан, тіпті, ем-дом жасаудан да негізді білімі болғанын байқаймыз. Соны жұрт игілігі үшін жұмсай білген.

Сейділдә Түйтебекұлы өмірінде екі рет қажылыққа барған. Қасиетті орынға алғашында 1906 жылы сапар шексе, одан

кейін 1908 жылы ат басын бұрған. Алайда, оның қажылық сапары туралы айтарлықтай мәліметтер кездеспейді. Ал жүйелі діни білім алуды қасиетті сапардан оралған соң, 1908-1911 жылдар аралығында Уфада жалғастырған деп топшылаймыз.

Ол Уфадағы «Ғалия» медресесінен білім алып келгеннен кейін діни ағартушылық қызметке біржолата кіріседі. Ел арасынан шәкірт жинап, медресе ашуды көздейді. Мешіт пен медресе құрылысын жүргізу үшін маңына ауқатты адамдарды топтастыра білген. Осылайша С.Түйтебекұлы қазіргі Трофимовка ауылы мен Жаңа-Құрылыс ауылдарының ортасында 1912 жылы мешіт ашып, сол мешітте бала оқытқан. Мешіт құрылысы 1911 жылы басталып, 1912 жылы аяқталған деседі. Ғибадат үйі сол уақыттағы халықтың қаражатына салынған. Біреулер ақшалай қолдау білдірсе, енді біреулер алтын білезігін, алқасын, сақинасын үлес ретінде қосқан. Оған қажетті ағаштарды Шалдайдан, кірпішін Павлодардан дәулетті кісілердің көлігімен тасыған. Мешіт ғимаратын салу жұмысына Омбы қаласынан мықты шеберлер, ұсталар алдырыпты. Ғимарат алғашында «Ақ мешіт», одан кейін «Сейділдә мешіті» деп аталған. Бүгінде бұл көне мешіт сақталмаса да, оның атауы ұмытылмай, Тереңкөлдегі орталық мешітке берілді.

- Сейділдә қажы салған мешіттің орналасқан жері де өте қолайлы. Яғни, мешіттен шақырылған азанның үні айналасындағы алыс-жақын ауылдардың көбіне анық естіледі екен, - дейді Ербол Қайыров. Өлкетанушының сөзінде қапы жоқ. Түйтебек әулетінің атақонысы болған жер – төрт тарап елдің тең ортасында орналасқан тынысы кең төңірек, шөбі шүйіркелесіп, жапырағы сыбырласқан, топырағы түгіл тасы тіл қатқан, ақ селеуі ән салған тамаша мекен. Алланың жер бетіндегі үйін табиғаттың сол ерекшелігімен үйлестіре тұрғызғандары таңғалдырады.

XX ғасырдың басында қазақша білім беретін, мұсылмандық мектептер мен медреселерді ашу, мешіттер салу өте қиын болатын. Орыстандыру саясатын түбегейлі жүзеге асыруды көздеген Патша үкіметі бұған барынша кедергі жасап бақты, түрлі амал-тәсілдерді қолданды. Сондықтан, Сейділдә қажының мешіт пен медресе тұрғызу талабы табандылық қана емес, ерлікке пара-пар іс. Сол кездегі күрделі ахуалды аңғарту үшін ғана бір деректі келтірейік.

1905 жылғы 17 қазандағы Ресей империясының көптеген ұлтының діни сеніміне бостандық беру жарияланған Патша манифесті қабылданса да, бұратана халықтар ортасында



бұрынғы біржақты саясат сақталды. Мұсылмандық мектептер ашу әрекеті сәтсіз аяқталып отырды. Сондықтан XX ғасыр басындағы қазақтардың ұлттық-азаттық қозғалыстары діни күрес формасына ауысты. Діни ұйымдар мұсылман дінбасшыларының ықпалы күшті болған Семей, Петропавл, Ақмола, Верный қалаларында шоғырланды, басқа қалаларда да пайда болды. Осының дәлелі ретінде Қарқаралыда қабылданған петицияны айта аламыз. «1905 жылы 25 шілдеде Қоянды жәрмең-

кесінде өткен қазақтардың съезінде Ақ Патшаның атына петиция жазылды. Оның мазмұнында Қазақстанда ерекше мұсылмандық діни басқарма ұйымдастыру, мешіттер салу, діни мектептер ашу, Меккеге қажылыққа барушыларға шетелге шығуға арналған паспорт беру және т.б. талаптар болды. 1905 жылы Төменгі Новгородта Бүкілресейлік мұсылмандар съезі жиналды, оған Қазақстан діни басшылығының өкілдері қатысты. Съезд «Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесін» құрды, ол өзінің үшінші съезінде (1906 ж. тамыз) кадеттер партиясының идеялық рухына жақын бағдарлама қабылдады. Мұсылман дінбасшылығының саяси рөлін көтеруге, мұсылман оқу мекемелерінің желісін кеңейтуге бағытталған бұл күресте сәтсіз аяқталғаны белгілі» (Ежелгі заманнан қазіргі күнге дейінгі Қазақстан тарихы... – Т. 3. – С. 617.).

Аласапыран заманда аталған қиындықтарды еңсере отырып, өз халқына діни білім мен имани тәрбие беру жолына өмірін арнаған Сейділдә қажы құрметтеудің қай түріне болса да лайық тұлға.

«СЕЙДІЛДӘНІҢ ҚЫРЫҚ БІРІ»

1912 жылы Сейділдә қажы ашқан мешіттің салтанатты рәсіміне Уфадан білім алып келген жас жігіт Сейтахмет Жұмбаев сөз сөйлеп, ағасының игі бастамасына сәт сапар ті-



леген. Ағайынды Жұмбабаевтар кейіннен өздері де осы өңірде мектеп ашқаны белгілі.

- Ел ішінде Сейділдә қажы тұрғызып мешітке қатысты мынадай аңыз айтылады, - дейді Ербол Мәтіұлы: - Құрылысшылар мен ұсталар елдің көмегімен жиналған алтынды балқытып, одан мешіт күмбезінің басына орнататын айдың белгісін жасайды. Бірақ, айды орнатпас бұрын Сейділдә қажы қырық күн, қырық түн құран оқып, қырық бірінші күні әлгі айды мешіт күмбезіне орнатқызған екен. Дәл сол күні күнбатыстан алапат өрт шығып, ауылға жақындайды. Сол кезде қажы атамыз қолына Құранын алып, аяттар оқып, Алла Тағаладан алапат өрттің басылуын тілеп жалбарынады. Құдайдың құдіретімен молданың тілегі орындалып, ел өрттен аман қалыпты. Содан кейін ел арасында «Сейділдәнің қырық бірі» деген сөз қалған. Мешіт салынып, медресе іске қосылған соң Ертіс өзенінің екі жағалауында және Омбы, Новосібір өңірлерінде тұратын қазақтардың балалары оқуға көптеп келген деседі. Ұстаздың ұзын саны 500-ге жуық шәкірті болғаны айтылады. Бірақ, қажының табан ет, маңдай терімен тұрғызылған мешіт, медресесінің ғұмыры ұзаққа бармады. Шамамен 1930 жылдары мешіт бұзылып, оның материалдарын мектеп салуға пайдаланған екен. Качир ауданы Тегістік ауылының тумасы, сол өңірге белгілі мұғалім Бақтыбай Әбілқасанқызы да Сейділдә қажы туралы естіген-білгендерін қағазға түсіріпті. Мұғалімнің естелік-жазбаларының бірінде мынадай мәлімет бар: «Мешіттің едені мен қабырғаларынан түскен материалдармен көрші орыс ауылына мектеп салған, көп ұзамай ол мектеп отқа оранып, түгі қалмай өртеніп кеткен». Ал, мешіт күмбезінің басына орнатқан алтын ай күні бүгінге дейін бір жерде сақтаулы болуы мүмкін».



ӘНГІМЕНІҢ АЯЛЫ

Сейділдә Түйтебекұлы 1925 жылы қайтыс болады. «Молда Қажы» қайтыс болғаннан кейін оның ісін ары қарай 1932 жылы мешіт бұзылғанша Жаңа-Құрылыс ауылының тұрғындары Қанафия молда, Әусадық молдалар жалғастырған еді. Ұстаздары үйреткен ілімді шәкірттері: Ертіс ауданында – Ғұбайдолла, Павлодар ауданында – Түсіп молда, Достық ауылында – Шақман молдалар таратты. Тереңкөл ауданында қажыдан білім алғандар - жайлауағаштық - Айдархан молда, Коммунар ауылынан Шайзат молда. 1963 жылы шәкірттері: Қанафия мен Әусадық молдалар әулиенің артында қалған жалғыз қызы Құратылғайынның бастамасымен ескерткіш тақта орнатады. 1967 жылы шәкірттері зиратты темір шарбақпен қоршайды. Бейсауат жүрген жан-жануардың аяғының астында қалмасын деп жарты ғасыр бұрын тұрғызылған темір қоршау әлі күнге жаңартылған жоқ. Ауданның қатып-семуге айналған қазақы рухын оятамыз, руханиятын өрге сүйрейміз, Сейділдә қажының басын көтеріп, кесенесін тұрғызамыз деп шырылдап жүрген бір топ жанашыр жанның ойлаған жоспарлары жүзеге асады деп сенеміз.

Сейділдә қажының бейітінен қайтқан соң, Трофимовка ауылдық кітапханасының меңгерушісі Асем Аяшеваның ұйымдастыруымен өткен шағын кездесуге қатыстық. Оған ауыл тұрғындары қатысты. Жазушы Ғалымбек Жұматов сапардан алған әсерлерін көпшілікпен бөлісіп былай деді: «Шындығында, біздің тарихымыз, еліміздің, облысымыз-

дың, ауданымыздың тарихи тірнектеп жиналып жатқан алтындай құнды дүние. Соның айғағы болатын біраз жерде болып, көріп қайттық. Осындағы Сейділдә қажыны үлкен рухани тұлға санаймыз. Тереңкөл тарихына қатысты мен де біраз дүние жазғанмыз. Качирдің көп айтыла бермейтін көне тарихында әлі де жарыққа шықпаған көп деректер бар. Айтылмай жатқандары жетерлік. Мынау Жалаңбас батыр, Дербісәлі батыр, бертіндегі Қошман батыр туралы да зерттеулер жүргізілуде. Бұйыртса бұл тарихи деректер ұрпақтың игілігіне қызмет етеді». Лайым солай болғай!

Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейінде қажының бірқатар құнды заттары сақталғанын жоғарыда атап өттік. Сол экспонаттар тағы бір көрмеданамен толысты. Сейділдә қажының өзі ұстаған Құран кітабын жиеншары Арман Сейітқалиұлы музей қорына тапсырды. Кітапты олардың әулеті 60 жылдан астам уақыт сақтап келіпті. Ербол Қайыров қасиетті кітапты қолына алып, маңдайына басып, мұқабасын сүйді. Құнды жәдігердің қадір-қасиетін жете түсінетін кісінің қолына тигеніне қуандық.

Бейіт басынан бері қарай жүрерде менің түз бүркітінің жалғыз тал қауырсынын тауып алғанымды есіме салған аудандық мәдениет үйінің қызметкері Келден Бағаев: «Түз бүркітінің бір тал қауырсыны, Айбек, саған бекер бұйырып тұрған жоқ. Молда қажы туралы мол мағлұмат жазарсың» деп тілек айтты. Сол тілекті біз де шама-шарқымызша орындауға тырысып, осы жолсапар жазбасын қағаз бетіне түсірдік.

